АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІМАГИСТРАТУРА ЖӘНЕ PHD ДОКТОРАНТУРА ИНСТИТУТЫ
ҚҰҚЫҚТАНУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА КАФЕДРАСЫ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ҚР ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ» АТТЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫ

28 ҚАРАША 2011 ЖЫЛ

АЛМАТЫ 2011 ЖЫЛ

**УДК 333+340**
**ББҚ 65.01+67.0**
**Қ18**

«ҚР тәуелсіздігінің 20 жылдығы: экономикалық және құқықтық даму жолдары мен нәтижелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, 28 қараша 2011 жыл. - 414 бет.

**ISBN 970-601-232-808-0**

**Құрастырушылар:**
Заң ғылымдарының кандидаты Калкаева Н.Б.,
Экономика ғылымдарының докторы Ускеленова А.Т.

Бұл жинақта 28 қараша 2011 жылғы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің қабырғасында өткізілген Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «ҚР тәуелсіздігінің 20 жылдығы: экономикалық және құқықтық даму жолдары мен нәтижелері» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары ұсынылып отыр.

**УДК 333+340**
**ББҚ 65.01+67.0**

**ISBN 970-601-232-808-0**

**©Калкаева Н.Б., Ускеленова А.Т. 2011**
**Авторлар ұжымы, 2011**

және екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруды келтірген. Бұл жерде заң шығарушы осы әрекеттің қауіптілігін таразылай отырып, осы қылмыстың жасалу себептерінде ескеріп, шамамен 6 аймен 2 жылдың арасында ғана жазалау керек деп бағалаған. Егер бұл баптың санкциясы 6 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын келтірсе, онда практикада бір сот 1 жылды белгілесе, ал екінші бір жердегі сот тап осындай әрекет үшін 5 немесе 6 жылды белгілеуі мүмкін. Нәтижесінде әрекеттің қауіптілігін дәрежелеуде және соған сәйкес жаза белгілеуде сот қызметкерлерінің арасында алшақтық пайда болар еді.

4. Қылмыстық кодексте бірнеше адамдардың қатысуымен жасалатын қылмысқа қатысушылық түрлері кездеседі. Бірақ қасақана қылмыс түрлерінің кейбіреулеріне қылмысқа қатысушылық тән болғанда, оған қатысқан адамдардың рольдерін, белсенділігін таразыламай бірдей жауаптылық белгілеу әділетсіздікті білдіре алады. Қылмыстық кодекстің 237 бабының (Бандитизм) бірінші бөлімі банданы құрған, басқарған, яғни белсенділік көрсеткен адамдардың әрекеттеріне жауаптылықты көрсетсе, осы баптың екінші бөлімі банда тобының қатардағы қатысушыларына жауаптылық көздейді. Мұндай себеппен бір қылмыстың бірнеше құрамдарға бөлінуі 162 баптың (жалдамалылық) 1 және 3бөлімдерінде, 235-баптың (ұйымдасқан қылмыстық топты немесе қылмыстық қауымдастықты құру және оны басқару және қатысу) 1,2,3,4-бөлімдерінде, 236-баптың (заңсыз әскерилендірілген құраманы ұйымдастыру) 1 және 2- бөлімдерінде және т.б. кездеседі.

Сонымен қорытындылай айтар болсақ, қылмыс құрамы дегеніміз - бұл қылмыстық заң бойынша қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді белгілі бір қылмыстың қатарына жатқызуға мүмкіндік беретін қылмыстың объективтік және субъективтік жақтарынан құралған элементтердің және олардың белгілерінің жиынтығы болып табылады. Қылмыс құрамының әрқайсысы оның субъективтік және объективтік белгілерімен сипатталады. Қылмыс құрамының белгілері мынадай төрт элементтерден, объект, объективтік жағы, субъект және субъективтік жағынан құралады. Қылмыстық құрамға жататын осы төрт жақты таппайынша оны қылмыс құрамы деуге болмайды. Себебі, қоғамға қауіпті істі қылмыс қатарына жатқызу немесе оны қылмыс деп сипаттауға мүмкіндік тумайды.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**


1. Қазақстан Республикасы Конституциясы. 1995ж. 30 тамыз. өзгерт. мен толық. қоса.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі. 1997ж. 16 шілде. өзгерт. мен толық. қоса.
3. Қазақ ССР-нің Қылмыстық Кодексі. 1959ж.
4. Наумов В.А. Уголовное право. Общая часть. Курс лекций. М.,1996г. стр. 135.
5. Әпенов С.М. Қылмыстарды квалификациялау. Алмаы, 2006ж.


## ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТТЫҢ ЛИБЕРАЛИЗАЦИЯСЫ


*Избасова А.Б., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының оқытушысы*


Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің бірінші күнінен-ақ қазіргі таңдағы халықаралық құқық талаптарына жауап беретін қылмыстық іс жүргізуде тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік құқықтық базаны қалыптастыруға әрекеттенді. Бұл бағыттағы бірінші қадам ретінде

Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдауы мен онда адам құқықтары мен бостандықтары кешенінің бекітілуі табылды. Конституцияда еліміздің басты құндылығы ретінде адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары, ар намысы мен қадыр қасиеті бекітілді.

Қазіргі таңда Қазақстан адам құқықтарын қорғау саласында бірнеше халықаралық-құқықтық келісімдердің қатысушысы болып табылады. Олардың көбісі сот төрелігін жүзеге асыру процессін қамтиды. Конституциядағы ережелерді іске асыру үшін мемлекет әртүрлі құқық салаларында, соның ішінде қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу саласына өзгерістер енгізуде. Елде жүргізіліп жатқан қылмыстық саясатты гуманизациялау қылмыстық заңнаманың либерализациясына алып келді.

Қылмыстық саясатты либерализациялау бұрыннан қалыптасып қалған түсініктер мен ұстанымдарды түбегейлі өзгертуді талап етеді. Себебі қылмыстық саясат барлық уақытта бірдей адам құқықтарын қорғаған жоқ. Демократияның дамуы мен құқықтық мемлекетті қалыптастыру жағдайында қылмыстық саясаттың жаңа міндеттері, пәні мен мақсаты анықталуы тиіс.

Қазіргі таңда қылмыстық саясатта орын алып отырған өзгерістердің мәні мен мағынасын түсіну үшін жағдайды үнемі бақылап және оны жан-жақты сараптамалық бағалаудан өткізіп отыру қажет.

Қазіргі кезде барлық әлеуметтік саясаттың және қылмыстық саясаттың негізіне ізгілендіру қағидасы қойылады. Қылмыстық саясат үшін бұл қағида негіз қалыптастырушы болып табылады. Оны жүзеге асыру құқықтық тәртіп пен қылмыстылықпен күресу саласында тұлғаға мемлекет пен оның органдары арасындағы қатынастарда кепілдіктер береді және оның өміріндегі маңызды салаларға мемлекеттің араласуын болдырмай тұлғаның автономдығын қамтамасыз етуге жәрдемдеседі. Сонымен қатар, бұл қағида мемлекетке, оның ішінде құқық қорғау органдарына оларда бар құралдар мен әдістер арқылы адам мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беру міндеттерін жүктейді. «Заңның жоғары тұруын қамтамасыз ету, тұлға мен отбасының, қоғам мен мемлекеттің құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейту, тұрғындардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға бағынушы азаматтарды тәрбиелеу – бұл мақсат қана емес, ол нағыз демократиялық, құқықтық мемлекет пен нарықтық экономикасы дамыған азаматтық қоғам қалыптастырудың маңызды жағдайы, құралы» [1].

Осылайша, құқықтық саясат адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдылығын негізге алуы қажет. Нақты осы аталған басымдылықтарды сақтау мен іске асыру мақсатында қылмыстық-құқықтық саланы либерализациялаудағы саясаттың маңызды бағыттары анықталды.

Осыған байланысты соңғы жылдары өзектілігі артып келе жатқан қылмыстық саясатты либерализациялау қылмыстық реформа мен нормативтік базаны өзгертудің негізі, соның ішінде:

- Қылмыстылықпен күресудің барлық жүйесінің демократизациясы мен рационализациясын;
- Заңнама мен құқық қорғау органдары тәжірибесінің гуманизациясын;
- Әрбір адамға қатысты заңдарды қолданғанда әділеттілікті қамтамасыз етуді;
- Қылмыстық әділеттіліктің жариялылығын қамтамасыз етуді;
- Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу тәртібін қыстартуды[2].

Осы тұрғыда жасалып жатырған қадамдар мемлекет пен адамдар арасындағы қарым-қатынастарды қалыптастырудың ескі стереотиптерінен бас тарту ретінде бағалануы мүмкін. Енді қарым-қатынастардың либерализациясы мен тазалығы кезінде азаматтарға таңдау негізінде құқық қорғауда белсенділіктерін көрсету мен таңдауға мүмкіндік беріледі. Осылайша мемлекет тіпті жазалау саласында да тараптардың теңдігі мен азаматтар мүдделері басымдылығының конституциялық сұлбасын сақтау қағидасының маңызды екендігін көрсетті. Нақ осы негізгі ережелер ізгілендіру идеясына сіңірілген заңнамада жарияланған қосымшалардың негізінде жатыр.

Бұл тұрғыда айтарлықтай көзге түсетіндей шара болып қысқарту жолымен немесе бас бостандығынан айыру жазаларын айыппұлмен ауыстыру арқылы қылмыстық құқықтық санкцияларды жеңілдету табылды. Бас бостандығынан айыру жазасы сотталғандардың дұрысталуы үшін тиімділігінің аз екендігін көптеген зерттеулер көрсеткен болатын. Яғни, әлеуметтік байланыстың үзілуі азамат үшін отбасының бұзылуына, маңызды функцияларын жоғалтуына, шарасыздық жағдайын сезінуіне және тағы да сол сияқты жағдайларға әкеп соқтырады.

Осыған байланысты мәселелер 24 тамыз 2009 қабылданған Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезенге аранлған құқықтық саясат тұжырымдамасында қарастырылған.

Қолданыстағы Қылмыстық кодекс - қылмысқа қарсы күрестің, адамның құқықтары мен бостандықтарының, мемлекет пен қоғамның мүдделерін қылмыстық-құқықтық қорғаудың жеткілікті құралы.

Қылмыстық құқықты одан әрі дамыту, бұрынғыдай қылмыстық саясаттың қос векторлығын ескере отырып жүргізілуге тиіс. Ізгілендіру - ең бастысы, алғаш рет ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар жасаған адамдарға, сондай-ақ халықтың әлеуметтік әлсіз топтары - жүкті және асырауында кәмелетке толмаған балалары бар жалғызбасты әйелдерге, кәмелетке толмағандарға, жасы ұлғайған адамдарға қатысты болуға тиіс. Сонымен қатар ауыр және аса ауыр қылмыстар жасауға кінәлі, қылмыстық қуғындаудан жасырынып жүрген адамдарға қатысты, қатал қылмыстық саясатты алдағы уақытта да жүргізу қажет.

Қылмыстық құқықты дамытудың маңызды бағыты, ең алдымен аса қоғамдық қауіп тудырмайтын адамдарға (абайсызда қылмыс жасаған кәмелеттік жасқа толмаған адамдар, өзге де адамдарға - жазаны жеңілдететін мән-жайлар) қатысты қылмыстық жазалаудан босатудың шарттарын кеңейту арқылы қылмыстық қуғын-сүргінді қолдану аясын кезең-кезеңмен қысқарту мүмкіндігін айқындау болып табылады.

Қылмыстық заңды Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттармен сәйкес келтіру маңызды болып табылады. Бұл арада, атап айтқанда, сөз қылмыстық сипаттан арылту ғана емес, керісінше кейбір құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлеріне қылмыстық сипат беру, сондай-ақ қылмыстардың кейбір санаттары үшін, атап айтқанда экологиялық, экономикалық және сыбайластық қылмыстары үшін заңды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу туралы болып отыр.

Осылайша, мемлекеттің қылмыстық саясаты:

- аса қоғамдық қауіп туғызбайтын құқық бұзушылықтарды әкімшілік құқық бұзушылық санатына ауыстыра отырып және оны жасағаны үшін әкімшілік жауаптылықты күшейте отырып, қылмыстық сипаттан арылтуға, сондай-ақ жекелеген қылмыстардың ауырлық дәрежесін жазаны жеңілдету арқылы (депенализация) қайта бағалауға;
- кәмелеттік жасқа толмағандарға, олардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қауіп төндіретін қылмыстарға, ұйымдасқан қылмыстық топ немесе қылмыстық қауымдастық құрамында қылмыс жасағаны, қылмыстар кәнігілігі кезінде қылмыстық жауаптылықты байланысты күшейтуге;
- бас бостандығынан айырумен байланысты емес қылмыстық жазалауды қолдану саласын кеңейтуге, оның ішінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазалауларды жекелеген санкциялардан алып тастауға не бас бостандығынан айырудың ұзақ мерзімін азайтуға;
- айыппұл салуды қылмыстық жазалаудың тиімді түрі ретінде айқындауға және оның қолдануды кеңейту мүмкіндігіне;
-санкциялардағы жазалаулардың Қылмыстық кодекстің баптарында ауырлығы бір санаттағы қылмыстарға парапарлығын және олардың әділ жазалау қағидатына сәйкестігін белгілеуге;
- қылмыстық жазалаудың баламасы мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын енгізуге;
- өлім жазасын қолдану аясын кезең-кезеңмен тарылту бағытын жалғастыруға;

- қылмыстық жауаптылықтан босату, жазасын өтеу, жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату институттарын жетілдіруге бағытталуға тиіс [3].

2011 жылдың 18 қаңтарында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процесстегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңының қабылданғандығын еске салу қажет. Заң қылмыстық заңнаманы либерализациялауға, қоғам үшін қауіп төндірмейтін қылмыстарды әкімшілік құқық бұзушылықтар қатарына ауыстыра отырып декриминализациялауға, жекеленген қылмыс құрамдары бойынша әкімшілік преюдицияны енгізу және басқа да қылмыстық саясатты гуманизациялауға байланысты мәселелерді шешуге бағытталған.

Қорытындылай келе ерекше айта кететіні, елімізде жүзеге асырылып жатқан қылмыстық іс жүргізушілік заңнаманы гуманизациялау мен либерализациялауға бағытталған құқықтық реформалар халықтың заңды білулерінің жалпы деңгейімен бірге жүруі қажет. Сондықтан еліміздегі құқықтық білім беруді жақсартуға бағытталған мақсатты кешенді бағдарламалар шараларын қамтамасыз ету міндетті болып табылады. Бұл бағдарламаны іске асыру қоғамда адам құқықтары мен бостандықтарына сыйластықпен қарауды, сонымен қатар, азаматтарды Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтау тұрғысында тәрбиелеуді қамтамасыз етуі қажет.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Цветинович А.Л. Тенденция уголовной политики: вчера, сегодня, завтра современные тенденции развития уголовной политики и уголовного законодательства. М., 1994.С. 11-12.
2. Кабулов Р., Нарбутаев Э. Уголовная политика и ее реализация в деятельности органов внутренних дел: Учебное пособие-Узбекистан. 2006.С.120.
3. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге аранлған құқықтық саясат тұжырымдамасы 24 тамыз 2009 жыл

**Резюме**

В данной статье рассматривается вопросы гуманизации и либерализации уголовной политики.

**Resume**

This article discusses the issues of liberalization and humanization of criminal policy.

## ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ И ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО АППАРАТА В МЕХАНИЗМЕ ГОСУДАРСТВА

*Ищанова Г.Т., к.ю.н., доцент кафедры теории и истории государства и права, конституционного права КазНПУ им.Абая*

Важнейшая особенность закономерного характера государственной власти состоит в том, что она имеет внешнее проявление в конкретной деятельности государственных органов и учреждений. Они в своей совокупности, соответственно целям и задачам государственной власти, институционализируются в более крупные образования как государственный аппарат и механизм государства. Причем в этих системных образованиях государственный аппарат представляет субстанциональную часть государственной власти, осуществляющий управление всей политической организацией общества.

Аппарат государственной власти представляет собой систему органов власти, посредством которых осуществляется власть, реализуются функции государства, выполняются стоящие

## МАЗМҰНЫ


**Алғы сөз** – Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор **Пірәлиев С.Ж.**............3

**БАЯНДАМАЛАР**

**1. Қазақстандық заң ғылымы қазіргі заманғы құқықтану аясында: даму мүмкіндіктері мен бағыттары**............5

**О ПРОЕКТАХ ЗАКОНОВ, КАСАЮЩИХСЯ ВОПРОСОВ СТАТУСА СУДЕЙ И СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ**

*Айтмухамбетов Т.К., заведующий кафедрой юриспруденции и экономики Института магистратуры и phD докторантуры КазНПУ им.Абая, д.ю.н., профессор*............5

**МАГИСТРАНТУРА ЖӘНЕ ДОКТОРАНТУРА PhD ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАРЫ (диссертация)**

*С.Хизметли, т.ғ.д., профессор, ШТжІКУ ректоры*............8

**ПРОБЛЕМЫ РЕФОРМИРОВАНИЯ АДМИНИСТРАТИВНОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА В СВЕТЕ КОНЦЕПЦИИ ПРАВОВОЙ ПОЛИТИКИ РК НА 2010-2020 ГОДЫ**

*Жетписбаев Б.А., д.ю.н., профессор, КазНУ имени аль-Фараби*............12

**АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ**

*Журсимбаев С.К., з.ғ.д., профессор*............21

**ПОНЯТИЕ И ПРИНЦИПЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ПОДРАЗДЕЛЕНИЙ ОВД ПРИ РАССЛЕДОВАНИИ ПРЕСТУПЛЕНИЙ, СОВЕРШАЕМЫХ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИМИ**

*Балашов Т. Т., кандидат юридических наук Директор института права и экономики*............23

**САҚТАНДЫРУ ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ҰҒЫМЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ**

*Әбдіғали Шынар Алиққызы, Заңгер*............28

**АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕПІЛДІКТЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ**

*Абдықалықова А., Абай атындағы ҚазҰПУ Магистратура және PhD докторантура институтының 2 курс магистранты*............34

**ЭКСГУМАЦИЯ ҰҒЫМЫНА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР**

*Абижанов С.М., Абай атындағы Қазақ Ұлттық педогогикалық университетенің Магистратура және PhD докторантура институтының 6М030100-құқықтану мамандығының 1 курс магистранты*............38

**ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ ПРЕЗИДЕНТКЕ ТІКЕЛЕЙ БАҒЫНАТЫН ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРЕТІН МЕМЛЕКЕТ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

*Айдарбеков Ж., Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің Магистратура және Phd докторантура институтының 2-курс магистранты*............44

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ САЯСИ ЖҮЙЕНІҢ ЖАҢҒЫРУ БАҒЫТТАРЫ**

*Аширбеков Б., Абай атындағы ҚазҰПУ Магистратура және PhD докторантура институтыныңмагистранты*............48

**СПЕЦИФИКА СУДЕБНОГО КОНТРОЛЯ В СИСТЕМЕ ПРАВОСУДИЯ**

*Байсалова Г.Т., кандидат юридических наук, Тайторина Б.А., кандидат юридических наук*............51

**К ВОПРОСУ О ВЗАИМНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ ГОСУДАРСТВА И ЛИЧНОСТИ**

*Балмагамбетов Ернар Муратович, магистрант 2-курса*............56

**МЕХАНИЗМ ОГРАНИЧЕНИЯ ПРАВ И СВОБОД ЧЕЛОВЕКА**
*Балмагамбетов Ернар Муратбекович, магистрант 2-курса, института магистратуры и PhD докторантуры КазНПУ им. Абая*......59

**ИСТОРИЯ МУСУЛЬМАНСКОГО ПРАВА**
*Башеков Жанибек, магистрант 2 курса Института магистратуры и PhD докторантуры КазПНУ имени Абая*......62

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША ҰРЛЫҚТЫҢ ОБЪЕКТІСІ ЖӘНЕ ЗАТЫ**
*Бектанов Алмас, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педогогикалық университетенің Магистратура және PhD докторантура институтының 6М030100-құқықтану мамандығының 1 курс магистранты*......66

**ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУШІ ЗАҢГЕРЛЕРДІҢ КӘСІБИ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ**
*Бітұрсын Ғ.Ш., Абай атындағы ҚазҰПУ, Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы*......70

**АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ АУМАҚТЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**
*Газиев Б.Б.,Магистратура және PhD докторантура институтының құқықтану және экономика кафедрасы, құқықтану мамандығының 1-курс магистранты*......74

**ПОДГОТОВИТЕЛЬНЫЕ ДЕЙСТВИЯ СУДЬИ К РАССМОТРЕНИЮ УГОЛОВНОГО ДЕЛА ЧАСТНОГО ОБВИНЕНИЯ И ПРОЦЕССУАЛЬНЫЙ ПОРЯДОК РАССМОТРЕНИЯ ДЕЛ В СУДЕБНОМ ЗАСЕДАНИИ**
*Грек Е. Н., старший преподаватель кафедры Уголовно-правовых дисциплин КазНПУ им. Абая*......78

**АДАМДЫ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН ЗАҢСЫЗ АЙЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ**
*Даулетқан Назерке., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2 курс магистранты*......84

**БИЛІК БӨЛІНУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ СОТ БИЛІГІНІҢ ОРНЫ**
*Егизбаева А., Абай атындағы ҚазҰПУ Магистратура және PhD докторантура институтының 2 курс магистранты*......87

**КОЛИЧЕСТВО НАСЕЛЕНИЯ КАК КРИТЕРИЙ ПРИЗНАНИЯ ПРАВА НАРОДА НА САМООПРЕДЕЛЕНИЕ**
*Нуржан Ешниязов, магистрант специальности 6М030100-Юриспруденция КазНПУ им. Абая*......91

**БАНДИТИЗМ ҚЫЛЫМЫСЫНА ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТТАМА**
*Жақсымбетов Нұрсұлтан, ҚазЕжӘҚ Академиясының 2 курс студенті, Ғылыми жетекші: з.ғ.к., доцент Нурсалиева Г.Ж.*......96

**ҚЫЛМЫС ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢ**
*Жанғабылова Д.Б., Магистратура және PhD докторантура институтының 6М030100-құқықтану мамандығының 1-курс магистранты*......98

**ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТТЫҢ ЛИБЕРАЛИЗАЦИЯСЫ**
*Избасова А.Б., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының оқытушысы*......101

**ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ И ФУНКЦИОНИРОВАНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО АППАРАТА В МЕХАНИЗМЕ ГОСУДАРСТВА**
*Ищанова Г.Т., к.ю.н., доцент кафедры теории и истории государства и права, конституционного права КазНПУ им.Абая*......104

**ЖАЗАНЫ ҚОЛДАНУ БАРЫСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**
*Калкаева Н.Б. заң ғылымдарының кандидаты, доцент*......110

**Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті**

**Магистратура және PhD докторантура институты**

**Құқықтану және экономика кафедрасы**

**Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің**
**20 жылдығына арналған**
**«ҚР тәуелсіздігінің 20 жылдығы: экономикалық және құқықтық даму жолдары мен нәтижелері» атты**
**республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары**
**28 қараша 2011 жыл**

**Теруге берілген 10.11.2011**
**Қалыбы 60*84 1/16. Офсеттік басылыс. Баспа табағы 28,4**
**Таралымы 500 дана**

**ТОО «Ақ-Шағыл»**